АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ | АКИМАТ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

**ҚАУЛЫ** | **ПОСТАНОВЛЕНИЕ**

29.05.2025 № 93

Ақтөбе қаласы | город Актобе

**2025 жылғы жазғы кезеңде балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтырылуын және жұмыспен айналысуын ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 3-тармағына, «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2024-2026 жылдардағы жазғы демалыс кезеңде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын дұрыс өткізуге бағытталған шаралар жоспарына сәйкес 2025 жылғы жазғы кезеңде балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтырылуын, жұмыспен айналысуын және шығармашылық дамуын ұйымдастыру, кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығының, қылмыс жасауының, қараусыз және қадағалаусыз қалуының алдын алу мақсатында Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақтөбе облысының білім басқармасы, Ақтөбе қаласының, аудандарының білім бөлімдері, аудандардың және Ақтөбе қаласының әкімдері:

1) жазғы каникул кезеңінде балалар мен жасөспірімдер демалысын, сауықтырылуын және жұмыспен айналысуын жергілікті бюджеттерде көзделген қаражат есебінен ұйымдастыруды қамтамасыз етсін;

2) қала сыртындағы балалар сауықтыру ұйымдарының қызметін ұйымдастыру, демалысты ұйымдастырудың (күндізгі орталықтар), жыл бойы жұмыс жасайтын балалар сауықтыру ұйымдарының, оның ішінде әртүрлі қызмет түрін көрсететін қосымша білім беру ұйымдары, жазғы алаңдар жанындағы аз шығынды нысандарының үлесін ұлғайту және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес білікті кадрлармен қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдансын;

3) жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған, тұрмысы төмен және көп балалы отбасылар балаларының, мүгедектігі бар балалардың, даму мүмкіндіктері шектеулі балалардың, экологиялық қолайсыз аудандарда тұратын балалардың, жалпы білім беретін мектептердің үздік

*Сериялық нөмірсіз бланк ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛАДЫ. Қызмет бабындағы мақсат үшін көшірмесі шектеулі мөлшерде жасалады, белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ және ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ
*Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве, ЗАВЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке.

026089

оқушыларының демалысын, сауықтырылуын басым тәртіппен қамтамасыз етсін;

4) девиантты мінез-құлықты балалар мен мектепішілік және ішкі істер бөлімдерінде есепте тұратын кәмелетке толмағандардың демалысын ұйымдастыруды бақылауға алсын;

5) балалардың бос уақытын қала сыртындағы лагерьлерде, қосымша білім беру ұйымдарының жанындағы тамақтандырмайтын күндізгі алаңдарда 10 баладан аспайтын топтарда ұйымдастырсын;

6) жазғы каникул кезеңінде балалар және жасөспірімдермен жүргізілетін жұмысқа барлық қосымша білім ұйымдарының қатысуын қамтамасыз етсін;

7) балалардың еңбек жасақтарында, абаттандыру және жасыл желектендіру жасақтарында жұмыспен айналысуын Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүзеге асырсын.

2. 2025 жылғы жазғы кезеңде балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтырылуын және жұмыспен айналысуын ұйымдастыру жөніндегі облыстық ведомствоаралық штаб құрылсын.

3. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес ведомствоаралық штаб құрамы бекітілсін.

4. Ақтөбе облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы:

1) балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысын, сауықтырылуын және жұмыспен айналысуын өткізуге мәдениет мекемелерінің қатысуын қамтамасыз етсін;

2) балаларға арналған демалыс кезеңінде музейлер мен киелі орындарға тегін экскурсиялар ұйымдастырсын.

3) балаларға арналған демалыс кезеңінде мәдениет ұйымдарында тегін үйірмелер мен секциялар, шеберлік сыныптарын ұйымдастыру мәселесін қарастырсын.

5. Ақтөбе облысының полиция департаменті (келісім бойынша):

1) қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша шаралар қабылдасын және балаларды сауықтыру ұйымдарына тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз етсін;

2) балалардың жарақат алуының алдын алу және жол қозғалысының қауіпсіздігін насихаттау жөнінде профилактикалық шаралар қарастырылсын;

3) балалар құқық бұзушылықтарының, қылмыстарының профилактикасы, балалардың панасыз және қадағалаусыз қалуының алдын алу жөнінде іс-шаралар өткізсін.

6. Ақтөбе облысының төтенше жағдайлар департаменті (келісім бойынша):

1) балаларды сауықтыру ұйымдарының өртке қарсы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдансын;

2) судағы балалардың денсаулығы мен өмірі қауіпсіздігінің алдын алу, балалардың сауықтыру демалысы нысандарының өртке қарсы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар өткізуді ұйымдастырсын.

7. Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы:

1) балаларға медициналық қызмет көрсету және сауықтыру қызметін үйлестірсін.

2) балаларды сауықтыру ұйымдарына алып жүру кезінде медицина қызметкерлерімен қамтамасыз етілсін.

8. Ақтөбе облысының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті (келісім бойынша) жазғы лагерьлердің тиісті дәрежедегі санитарлық-гигиеналық жай-күйін, олар орналасқан жерлердің санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын бақылаудың тиісті деңгейін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын.

9. Ақтөбе облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы:

1) жазғы кезеңде балалармен және жасөспірімдермен жұмыс жасауға спорт ұйымдарының қатысуын қамтамасыз етсін;

2) балалар мен жасөспірімдер үшін спорттық-сауықтыру іс-шараларын өткізуді ұйымдастырсын;

3) балаларды жүзуге үйрету бойынша тегін сабақтар ұйымдастырсын.

10. Ақтөбе облысының ішкі саясат басқармасы заңнамада белгіленген тәртіппен балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын дайындау мен өткізуді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

11. Ақтөбе облысының жастар саясаты мәселелері басқармасы жастар ұйымдарының сауықтыру жұмыстарына қатысуына ықпал етсін.

12. Ақтөбе облысының білім басқармасы мемлекеттік мекемесі осы қаулыны мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың назарына жеткізсін.

13. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**Ақтөбе облысының әкімі** АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ **А. Шахаров**

Ақтөбе облысы әкімдігінің
2025 жылғы «29» 05
№ 93 қаулысына
қосымша

**2025 жазғы кезеңде балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтырылуын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру жөніндегі облыстық комиссияның лауазымдық құрамы**

Білім мәселелеріне жетекшілік ететін облыс әкімінің орынбасары, төраға

Ақтөбе облысының білім басқармасының басшысы

Ақтөбе облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы (келісім бойынша)

Ақтөбе облысының Төтенше жағдайлар департаменті бастығы (келісім бойынша)

Ақтөбе облысының полиция департаменті Жергілікті полиция қызметінің бастығы (келісім бойынша)

Ақтөбе облысының қаржы басқармасының басшысы

Ақтөбе облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы

Ақтөбе облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы

Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасының басшысы

Ақтөбе облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы

Ақтөбе облысының ішкі саясат басқармасының басшысы

Ақтөбе облысының жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы

АҚТОБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

29.05.2025 № 93

Ақтөбе қаласы

город Актобе

**О мерах по организации отдыха, оздоровления и занятости детей и подростков в летний период 2025 года**

В соответствии со статьей 27 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», пунктом 3 статьи 7 Закона Республики Казахстан «О правах ребенка в Республике Казахстан», пунктом 2 статьи 6 Закона Республики Казахстан «Об образовании», согласно Плану мероприятий по организации оздоровительного отдыха, досуга и занятости детей в период летних каникул на 2024-2026 годы Министерства просвещения Республики Казахстан, в целях создания необходимых условий для организации отдыха, оздоровления, занятости и творческого развития детей и подростков, профилактики правонарушений, преступности, беспризорности и безнадзорности несовершеннолетних в летний период 2025 года акимат Актюбинской области **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Управлению образования Актюбинской области, отделам образования города Актобе и районов, акимам районов и города Актобе:

1) обеспечить организацию и проведение отдыха, оздоровления и занятости детей и подростков в период летних каникул за счет средств, предусмотренных в местных бюджетах;

2) принять меры по организации деятельности загородных детских оздоровительных организаций, увеличению доли малозатратных форм организации отдыха (центры дневного пребывания), детских оздоровительных организаций круглогодичного действия, в том числе при дополнительных организациях образования разного рода деятельности, летних площадок и обеспечению квалифицированными кадрами в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан;

3) в приоритетном порядке обеспечить организацию отдыха и оздоровление детей-сирот, детей, оставшихся без попечения родителей, детей из семей, имеющих право на получение адресной социальной помощи, многодетных, неполных, малообеспеченных семей, детей проживающих в

ЗАВЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке.

026090

экологически неблагополучных районах, детей с инвалидностью и детей с ограниченными возможностями в развитии;

4) взять на контроль организацию отдыха детей с девиантным поведением и несовершеннолетних, состоящих на внутришкольном учете и в органах внутренних дел;

5) организовать досуг детей в лагерях, на площадках дневного пребывания с питанием и без питания при общеобразовательных школах, организациях дополнительного образования;

6) обеспечить в период летних каникул участие всех организаций дополнительного образования в работе с детьми и подростками;

7) осуществлять занятость детей в трудовых отрядах, отрядах по благоустройству и озеленению в соответствии с трудовым законодательством Республики Казахстан.

2. Создать областной межведомственный штаб по организации отдыха, оздоровления и занятости детей и подростков в летний период 2025 года.

3. Утвердить должностной состав межведомственного штаба согласно приложению к настоящему постановлению.

4. Управлению культуры, архивов и документации Актюбинской области»:

1) обеспечить участие учреждений культуры в проведении летнего отдыха, оздоровления и занятости детей и подростков;

2) организовать бесплатные экскурсии в музеи и сакральные места в период каникул для детей;

3) проработать вопрос организации бесплатных кружков и секции, мастер классов в организациях культуры в период каникул для детей.

5. Департаменту полиции Актюбинской области (по согласованию):

1) принять меры по охране общественного порядка и обеспечить безопасность перевозки детей в детские оздоровительные организации;

2) предусмотреть профилактические меры по предупреждению детского травматизма и пропаганде безопасности дорожного движения;

3) проводить мероприятия по профилактике правонарушений, преступности, предупреждению беспризорности и безнадзорности детей.

6. Департаменту по чрезвычайным ситуациям Актюбинской области» (по согласованию):

1) принять меры по обеспечению противопожарной безопасности детских оздоровительных организаций;

2) организовать проведение мероприятий по профилактике безопасности жизни и здоровья детей на воде, обеспечению противопожарной безопасности объектов детского оздоровительного отдыха.

7. Управлению здравоохранения Актюбинской области:

1) проводить координацию деятельности организаций здравоохранения за медицинским обслуживанием и оздоровлением детей;

2) обеспечить медицинскими работниками при сопровождении детей в детские оздоровительные организации.

8. Департаменту санитарно-эпидемиологического контроля Актюбинской области (по согласованию) принять меры по обеспечению надлежащего санитарно-гигиенического состояния летних лагерей и должного уровня контроля за санитарно-эпидемиологическим благополучием в местах их дислокации.

9. Управлению физической культуры и спорта Актюбинской области:

1) обеспечить участие организаций спорта в работе с детьми и подростками в летний период;

2) организовать проведение спортивно-оздоровительных мероприятий для детей и подростков;

3) организовать бесплатные занятия по обучению детей плаванию.

10. Управлению внутренней политики Актюбинской области в установленном законодательством порядке обеспечить освещение в средствах массовой информации хода подготовки и проведения оздоровительного отдыха, досуга и занятости детей.

11. Управлению по вопросам молодежной политики Актюбинской области содействовать участию молодежных организаций в проведении отдыха.

12. Управлению образования Актюбинской области довести настоящее постановление до сведения заинтересованных государственных органов и организаций.

13. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима Актюбинской области.

**Аким Актюбинской области** **А. Шахаров**

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ

Приложение
к постановлению акимата
Актюбинской области
от «23» 05 2025 года
№ 93

**Должностной состав областной комиссии по организации отдыха, оздоровления, занятости детей и подростков в летний период 2025 года**

Руководитель аппарата акима области, курирующий вопросы бразования, председатель

Руководитель Управления образования Актюбинской области

Руководитель Департамента санитарно-эпидемиологического контроля Актюбинской области (по согласованию)

Начальник Департамента по чрезвычайным ситуациям Актюбинской бласти (по согласованию)

Начальник Местной полицейской службы Департамента полиции Актюбинской области (по согласованию)

Руководитель Управления финансов Актюбинской области

Руководитель Управления экономики и бюджетного планирования Актюбинской области

Руководитель Управления физической культуры и спорта Актюбинской бласти

Руководитель Управления здравоохранения Актюбинской области

Руководитель Управления культуры, архивов и документации ктюбинской области»

Руководитель Управления внутренней политики Актюбинской области

Руководитель Управления по вопросам молодежной политики ктюбинской области